

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

денежной политикой ЕЦБ, а также размером и мощностью зоны евро как блока, евро стал привлекательной мировой валютой, такой же, как американский доллар или японская йена. А также ЕС с США, Японией и Китаем: видно, что на сегодняшний момент зона евро является сильным и открытым торговым блоком. Однако, начавшийся в 2008 году мировой финансовый и экономический кризис, а затем и так называемая «вторая волна кризиса» или долговой кризис, охвативший Европу в 2010 году, сильно пошатнули экономическую и финансовую стабильность как отдельных стран-участников союза, так и всей еврозоны в целом, и поставили под сомнение продолжение существования валютного интеграционного объединения.

Список использованных источников

1. Луканин Д.В. Амстердамский договор: новый этап институциональной реформы ЕС // Полис. 2000. № 5.
2. Вклад правительства в развитие науки и технологий в Тайване. URL: <http://mytaiwan.ru> (дата обращения: 17.02.2005).
3. Экономика Южной Кореи. URL: <http://ru.science.wikia.com/wiki> (дата обращения: 17.02.2005).
4. Буторина О.В. Научно техническая политика ЕС. Евросоюз на пороге XXI века. Выбор стратегии развития: сб. статей ред. Ю.А. Борко и О.В. Буториной. М., 2001.
5. Единая валюта для единой Европы: путь к Евро [Электронный ресурс]. – Электрон. дан. – EU., 2012. – Режим доступа: http://ec.europa.eu/economy_finance/general/pdf/the_road_to_euro_brochure_ru.pdf.
6. Моисеев В. Евро и доллар // Вопросы экономики. – 1999. – № 1. – С. 53.
7. Euroareamap [Электронный ресурс]. – Электрон. дан. – EU., 2012. – Режим доступа: http://ec.europa.eu/economy_finance/general/pdf/euro_area_map_ru.pdf.
8. Экономика Южной Кореи. URL: <http://ru.science.wikia.com/wiki> (дата обращения: 17.02.2005).
9. Introducing the Euro: convergence criteria [Электронный ресурс]. – Электрон. дан. – EU., 2012. – Режим доступа: http://europa.eu/legislation_summaries/other/l25014_en.htm.
10. Гриффитс Р.Т. Основание европейской интеграции // Полис. № 4. 2002.

ӘОЖ 341:34.01

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУМАҚТЫҚ ДАУЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОЛАРДЫ ШЕШУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Аханов Айдын Азаматұлы

akhanov_aidyn@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, халықаралық құқық кафедрасының I курс магистранты

Халықаралық аумақтық даулардың жіктелуі оларды реттеу процесінде маңызды роль атқарады. Аумақтық дауларды талдау олардың әр түріне белгілі бір дәрежеде сол немесе өзге де бейбіт құралдар, материалдық-[23]құқықтық негіздер, ең соңында шешу нысаны да алдын ала айқындалған деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиетте аумақтық даулардың жіктелуі едәуір жиі кездеседі, іс бойынша тікелей дәлелдеу мәні оның өлшемшарты болады. Бұл ретте көптеген авторлар оның екі түріне көп көңіл бөледі: шекара сызығының жағдайы туралы даулар және аумақтың белгілі бір учаскесінің тиесілігі туралы даулар.[1] Даулардың осы екі түрінің арасындағы ерекшеліктерді ресейлік және шетелдік әдебиетте Б.М. Клименко, Р. Дженнингс, А. Куквуха, С. Шарма келтіреді. [2] Ерекшелік мемлекеттік аумақтың тиесілігі туралы дауларда қатығыс белгілі бір аумақтың мәртебесіне қатысты байқалатындығында, әдетте, оның анық кеңістіктік шектері болады. Шекара өтетін сызықтардың өздері ешқандай дау тудырмайды. Шекара сызығының жағдайы туралы дауларда аумақтың бір бөлішінің сол немесе өзге мемлекетке тиесілігі туралы әңгіме болады, бірақ делимитацияның болмауымен не бәсекелес делимитацияның болуымен туындаған, мемлекеттік шекара өтетін жерлерді анықтау қағидаттық мәселе болып табылады.[3] Кейбір дауларды бір уақытта екі санатқа да жатқызуға болады. Камерун мен Нигерия арасындағы дау барысындағы тараптардың ұстанымдарын талдау Нигерияның осы дауға аумақтың жоқ екеніне табандап, оның делимитациясы туралы дау ретінде қарағанын, ал Камерун дауды бұрыннан бар шекараның өтуі туралы дау ретінде жіктегенін көрсетеді.[4] Касикили/Седуду аралына қатысты Ботсвана мен Намибия арасындағы дау біруақытта шекараның мемлекеттер арасынан өтетіндігі және аралдың мемлекеттердің біріне тиесілі туралы мәселеге қатысты болды.[5]

Аумақтық дауларды шешудің қазіргі заманғы практикасы даудағы тікелей дәлелдеу мәнінің өзге де түрлерін бөліп көрсету есебінен осы жіктеуді едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді. қандай да бір құқықтық дереккөзге қолданылатын географиялық объектіні сәйкестендіру дәлелдеу мәні болып табылатын даулар жеке бір санат ретінде қарастырылады. Катар мен Бахрейн арасындағы дауда алдымен Хавар аралының тиесілігі туралы мәселе шешілді, ал Бахрейн өз кезегінде Джанан Хавардың бір бөлігі болып табылатындықтан, Джанан да оған тиесілі деп дегеніне көндірмекші болды. [6] Бірқатар жағдайларда аумақтық дауды шешу үшін шекараны белгілейтін шартты дұрыс түсіндіруі жүзеге асыру талап етіледі. Шартты дұрыс түсіндіру дәлелдеу мәні болады.

Преах-Вихеар храмы туралы Камбоджия мен Таиланд арасындағы дау негізінен 1904 жылғы Шекараны делимитациялау туралы шартты түсіндіру жолымен шешілген болатын. Жоғарыда аталған және аумақтық даулардың өзге де түрлері, осы жіктелуге сәйкес бірыңғай текті дәлелдеу мәніне ие - белгілі бір аумақта аумақтық ұлықтылықты белгілеу. Дәл осы аумақтық даулардың бірыңғай текті дәлелдеу мәні осы жіктелу бойынша даулардың ерекшеліктерін елеулі деп есептемейтін бірқатар авторлардың пікірімен келісуге мүмкіндік береді. [7] БҰҰ-ның Халықаралық соты да өз шешімдерінде шекараның өтуі мен аумақтың тиесілігі туралы даулардың өзара тәуелді екендігін атап көрсетті.[8] Әрбір аумақтық дауды дәлелдеу мәні белгілі бір материалдық негіздерді болжайды, олардың дәлелдемесі дауды мәні бойынша шешуге мүмкіндік береді. Дауларды сот арқылы шешу нысаны әдетте дәлелдеу процесінің оның мәнінің талаптарына сәйкестігі қағидаларына жүгінеді. Шарттық нысан шеңберінде көбінесе бұл қағида сақталмайды: дауды шешудің заңдық негіздері күш факторын пайдаланумен не кез келген саяси сипаттағы ықпал ету шараларымен алмасады. Осылайша, мемлекетаралық келісімге негіз болған, 1993 жылғы ирак-кувейт шекарасын демаркациялау жөніндегі комиссияның шешімі аумақтың әртүрлі учаскелерінің кеме қатынасы үшін қолжетімділігі делимитацияның негізі деп белгіледі, бұл ретте Ирактың шын мәнінде аумақты жоғалтуын және едәуір ирак азаматтары санының қоныс аудару қажеттілігін тудырды.[9]

Біріккен Ұлттар Ұйымының ықпалы Ирактың осы келісімді жасауына келісім беруіне әкеп соқты, бұл ретте аумаққа деген құқықтық титулдар дәлелдемелері (шарттық, юрисдикцияны жүзеге асыру) дауды реттеудің негізі ретінде алынған жоқ. Аумақтық дауларды шешу үшін оларды саяси және заңдық деп бөлудің мағынасы зор. Осы жіктеудің мақсатқа сай болуы мен заңдылығы пікірталас тудырады. А.М. Ладыженский мен И.П. Блищенко мемлекетаралық дауларды, арбитраждар мен соттардың шешуіне жататын, таза құқықтық және дипломатиялық жолмен реттелуі мүмкін саяси даулар деп бөлу мақсатқа сай емес деп

есептейді, сонымен қатар, бұл ретте мемлекеттер арасындағы даулар құқықтық және саяси сипатқа ие деген қорытындыға келеді.[10]Д.Б. Левин, халықаралық даудың екі жақты табиғатымен келісе отырып, нақты дауларда не заңдық, не саяси сәттердің басым болатынын атап өтеді, бұл ретте тараптар осыған байланысты дауларды бейбір жолмен шешу құралдарын таңдайтынын да дәлелді. Заңдық сәттердің басым болуы арбитраждық немесе сот қарауына, ал саяси дипломатиялық келіссөздерге, келісім жасау және ымыраласу рәсімдеріне жүгінуге ықпал етеді.[11] Р.А. Каламқарян кез келген мемлекетаралық даудың негізінде жекелеген субъектілердің бір-біріне қайшы келетін мүдделері тұрады деген қорытындыға келді, осындай жолмен туындаған дау әрқашан мемлекет қызметінің саяси аспектілерін қозғайды. [12]

Халықаралық құқық доктринасы осы жіктелуге сәйкес дау санатын айқындаудың дәлме-дәл келетін өлшемшарттарын ұсынбайды, сондықтан аумақтық дауларда заңдық немесе саяси аспектілердің басымдығы туралы мәселенің жауабы әрқашан пікірталас тудырады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы да, өзге халықаралық шарттар да саяси және заңдық даулар арасындағы нақты ара-жігін ажыратуларды қамтымайды. Халықаралық тұрақты сот төрелігі палатасы берген анықтамаға сәйкес «дау - бұл құқық пен факті мәселесі бойынша келіспеушілік, құқықтық көзқарастардың немесе адамдар арасындағы мүдделердің қақтығысы».[13]

Мәні бойынша дау құқықтық сипатта бола ма деген тараптардың арасындағы келіспеушілік сот арқылы шешіледі. Әдетте, сот мемлекеттер арасындағы кез келген саяси дауда құқықтық аспект болады деген тұжырымды ескереді. [14]К.А. Бекашев анағұрлым маңызды және күрделі мәселелер ретінде саяси даулар (мысалы, аумақтық проблемалар, шекараларды айқындау) саяси құралдар арқылы шешілетінін атап өтеді. [15] Саяси дауларға халықаралық аумақтық даулардың мысал ретінде келтірілуі де кездейсоқ емес деп түсінеміз, олар заңдық болып қала тұра, оларды шешу процесінде халықаралық та, ұлттық та саясаттың едәуір ықпал ететінін сезінеді. Аумақтық дауларды шешу үшін осы жіктеудің мағынасы оның дауды шешу нысанын алдын ала айқындайтындығында: яғни шарттық нысан өзінің рәсімі мен құқық-тық табиғаты бойынша саяси аспектілер басым болатын дауларды шешуге көбірек сәйкес келеді, тиісінше, саяси мәселелерді шешуден белгілі бір дәрежеде шеттетілген сотпен шешу нысаны заңдық сипаттағы факторларды бағалауға біршама лайық болып келеді. Саяси дауларда дауды сот юрисдикциясы шеңберінде құқық норма-ларының негізінде шешу мүмкін еместігін алдын ала болжайтын non-liquet қағидатын қолдану мүмкіндігі осындай жіктеуді пайдалану мәселелерінің бірі болып табылады. Авторлардың көбі бұл қағидатты қолдану қате деп есептейді. [16] Дегенмен де, дауларды реттеу практикасы мемлекеттер саяси дауларды арбитраждар мен соттардың қарауына бермейтінін, саяси құралдар арқылы шешуге тырысатынын растайды. [17] Даудағы заңдық және саяси элементтерді біріктіру істі қараудың қалыпты барысына кедергі келтірмеуге тиіс екені, бірақ, бұл ретте, егер дауда саяси элементтер басым болса, онда сот өз шешімін әділдік негізінде құруға тиіс екендігі туралы пікірлер айтылады.[18] Сонымен, дауда нысан ғана белгілі бір дәрежеде сол немесе өзге элементтердің басым болуына байланысты болып қана қоймай, нысандардың әрбіреуінің шеңберінде дәлелдеу рәсімінің ерекшелігі де маңызды.

БҰҰ Жарғысының ережелері халықаралық даулардың екі санатын бөліп қарауға мүмкіндік береді: халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін және осындай қауіпсіздік білдірмейтін. Д.Б. Левиннің атап өтуінше, БҰҰ практикасы осы жіктеу үшін жалпы өлшемшарттар әзірлеп шығарған жоқ. Даудың санаты даудың мәніне ғана емес, сонымен қатар дауласушы мемлекеттердің сыртқы саясатының сипатына да байланысты, бірақ бұл жағдайда дәл осы аумақтық даулар халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке жиі қауіп тудырады. [19] 1964 жылы Кеңес үкіметі әлем елдерінің мемлекеттері мен үкіметтеріне жолдаумен шығып, онда «Әлемнің әртүрлі аудандарында мемлекеттер арасында қауіпті таластар жиі туындайтын мәселелерді атап көрсетуге тырыссақ, онда бұл, ешқандай күмәнсіз, аумақтық даулар, мемлекеттер шекараларының проблемалары, бір-бірінің аумағына деген өзара немесе біржақты тартыстар» деп атап өтті. [20]

Аумақтық даулар 1964 және 1966 жылдары Халықаралық құқық қағидаттары жөніндегі арнайы комитеттің сессияларында атап көрсетілді, пікірталас кезінде аумақтық және шекара маңындағы қақтығыстардың елеулі сипаты атап көрсетілді, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидатының мазмұнына аумақтық дауларды бейбіт жолмен шешудің ерекше мағынасы туралы ескертпе енгізу ұсынылды. Аумақтық даулардың ерекшеліктері олардың көбін халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін даулардың санатына жатқызуға мүмкіндік береді, бұл оларға ерекше назар аудару және істі шешу рәсіміне Біріккен Ұлттар Ұйымы органдарының қатысуы керектігін алға тартады.

Одан басқа, халықаралық дауларды жіктеуде БҰҰ Жарғысының 52-бабында атап өтілетін жергілікті дауларды атап көрсетеді. Д.Б. Левин жергі-лікті даулардың мынадай анықтамасын ұсынады, бұл - бір географиялық өңір мемлекеттерінің немесе бір және сол өңірлік ұйым мүшелерінің арасындағы даулар немесе осы географиялық ауданның немесе өңірлік ұйымның шең-беріндегі дауларды бейбіт жолмен шешу туралы келісіммен байланысты даулар. [21] Аумақтық даулардың көбін жергілікті даулардың санатына жатқызуға болады. БҰҰ Жарғысының 52-бабының жалпы тұжырымдамасы да дауларды өңірлік деңгейде шешудің бейбіт құралдарын дамытуды қолдау, бұл ретте БҰҰ органдарына, оның ішінде БҰҰ Халықаралық сотына жүгінуге кедергі келтірмей, халықаралық өңірлік ұйымдарға жүгіну керектігін құптайды. Дау-ларды шешудің рәсіміне ықпал ететін аумақтық даулардың өзге де жіктелу түрлері көп. Дау субъектілері санының өлшемшарттары сот ісіндегі немесе келіссөз процесіндегі тараптар санына тікелей әсер етеді. Әдетте, аумақтық даудың субъектілері екі мемлекет болады, бірақ дау тудырып отырған аумақ үш немесе төрт шекараның қиылысында орналасса, белгілі бір аумаққа бірнеше мемлекет наразылық білдірсе, олардың саны көп болуы да мүмкін. Даудың туындау уақытының өлшемшарты шеңберінде (аумақтық наразылықтар үшін негіздер пайда болған уақыт) ұзақ тарихы бар, оларға тиісті тарихи кезеңнің халықаралық құқығын қолдануды талап ететін даулар шығады. Қолданылатын құқықтың спецификасы мен оларды шешудің ерекшеліктері колониализм жүйесінің болуынан және бұзылуынан туындайтын дауларда болады. Мұндай даулар халықтар арасында қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік, мәдени байланыстар мен шекараларды бұзумен, мемлекеттердің халықаралық құқыққа қайшы әрекетімен, шешімдер қабылдау процесінде күш өлшемшартын пайдаланумен ілесті.

Дау объектісінің түріне қарай құрлықтағы және теңіздегі аумақтар, сон-дай-ақ, ерекше жағдай ретінде, аралдар учаскелерінің тиесілігі туралы даулар болады. Дәлелдеу рәсіміндегі айырмашылық, ең алдымен, әртүрлі құқық сала-ларының нормаларын қолдануда байқалады. Аумақтардың заңдық мәртебесінің өлшемшарттары мемлекеттік аумақтар, аралас режимдегі аумақтар, тіпті халық-аралық режимдегі аумақтар туралы даулар деп бөлуге мүмкіндік береді. 1951 жылы Халықаралық сот қараған, Ұлыбритания мен Норвегия арасындағы Норвегия аумақтық теңізін делимитациялау туралы дау мемлекеттік аумаққа да, ашық теңізге де қатысты болды. Ұлыбританияның талаптарына ашық теңіз бостандығын пайдалану мүмкіндігі кірді. [22]

Осылайша, жалпы халықаралық дауларды және жиі кездесетін аумақтық дауларды жіктеу мәселелері халықаралық құқық доктринасында пікірталас тудыратын деңгейде қалып отыр. Дегенмен де, ұсынылып отырған жіктеулер даудың сол немесе өзге түрінің құқықтық табиғатына көбірек сәйкес келетін дауды шешу құралдары мен нысандарын таңдап алуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиет

- 1 Клименко Б.М. Мирное решение территориальных споров. – М.: Междунар. Отношения, 1982. С.16.
- 2 Cukwurah A. O. The Settlement of Boundary Disputes in International Law. – Manchester, 1967; Surya P. Sharma. International Boundary Disputes and International

- Law. –Bombay, 1976; Jennings R. Acquisition of Territory inInternational Law. - Manchester, 1963
- 3 Клименко Б.М. Указ.соч. – С. 17,18.
- 4 Дело, касающееся сухопутной и морской границы между Камеруном и Нигерией (Камерун против Нигерии, вступление в дело Экваториальной Гвинеи) (Существо дела) Решение от 10 октября 2002 года // Краткое изложение решений, консультативных заключений и постановлений Международного суда. 1997-2002 годы. Издание Организации Объединенных Наций. 2006.
- 5 Дело, касающееся острова Касикили/Седуду (Ботсвана против Намибии). Решение от 13.12.1999 г.//Краткое изложение решений, консультативных заключений и постановлений Международного суда. 1997-2002 годы. Издание Организации Объединенных Наций, 2006. С.143-155.
- 6 Делимитация морской границы и территориальные вопросы между Катаром и Бахрейном (Катар против Бахрейна) (существо дела)//Краткое изложение решений, консультативных заключений и постановлений Международного суда. 1997-2002 годы. Издание Организации Объединенных Наций, 2006. С.187.
- 7 Клименко Б.М. Указ.соч. – С. 17.
- 8 Дело о храме Преах-Вихеар (Существо спора) Решение от 15 июня 1962 года //Краткое изложение решений, консультативных заключений и постановлений Международного суда. 1948-1991. Издание Организации Объединенных Наций. 1993.
- 9 Бабурин С.Н. Территория государства: правовые и геополитические проблемы.– М.: Изд-воМоск. ун-та, 1997. С.221.
- 10 Ладыженский А.М., Блищенко И.П. Мирные средства разрешения споров между государствами. – М.: Госюриздат, 1962. С.25.
- 11 ЛевинД.Б. Принцип мирного разрешения международных споров. – М., 1977. – С.78.
- 12 Каламкрян Р.А. Поведение государств вМеждународномсуде ООН. – М., 1999. – С.16.
- 13 ДелоМавромматиса, 1924 г. / P.C.I.J. Reports. 1925. Ser. A, №. 5. P. 12.
- 14 Международное право: учебник/отв. ред. В.И.Кузнецов,Б.Р.Тузмухамедов. – М.: Норма, 2007. – С.431.
- 15 Международное публичное право: учебник / отв. ред. К.А. Бекашев. – М.: Проспект, 2005. С.161.
- 16 International Law. Being the Collected Papers of H. Lauterpacht. Cambridge, 1970. – Vol. 1. – P. 243.
- 17 Лукашук И.И. Международное право. Особенная часть: учебник. – М.: БЕК, 1998. –С. 121.
- 18 Каламкрян Р.А. Поведение государств вМеждународномСуде ООН. – М., 1999. С.18.
- 19 Левин Д.Б. Принцип мирного разрешения международных споров. – М., 1977.– С.66,67.
- 20 Послание Председателя Совета Министров СССР Н. С. Хрущева главам государств (правительств) стран мира. Цит. по: Карташкин В.А. Территориальное верховенство в международном праве и его нарушение колониальными державами. <http://law.edu.ru>
- 21 Левин Д.Б. Указ.соч. – С.69.
- 22 I.C.J. Reports. – 1951. – P. 124-126.
- 23 ОБСЕ. Двенадцатая встреча Совета министров. София, 6–7 декабря 2004 года. Заявление о Нагорно-Карабахском конфликте. Веб-сайт ОБСЕ: http://www.osce.org/documents/mcs/2005/02/4307_ru.pdf